

Бекітетін
«Ташпын» инновационді оңалту балаақшасының
Директоры Мадина Махмұтова М.
Күн: 11.02.2026ж

Ашық оқу іс әрекеті.

Табиғат құбылыстары.

Өткізген: Басбаева А.
Муалбаева Ә.

Өткізілген күні: 11.02.2026ж.

Тақырыбы: Табиғат құбылыстары.

Қатысушы: *Жарқын* тобының тәрбиеленушілері

Құрбанбай Алтынбек (5жас)

Жайық Айшанұр (7жас)

Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстарын түсіндіру.

Қолданылатын көрнекіліктер: Әртүрлі табиғи құбылыстардың суреттері, тәжірибеге қажет материалдар.

Бірінші тәрбиеші:

-Сәлеметсіздер ме балалар! Бүгінгі ауа райы жылы.күн шығып тұр. Қазір бізде қай мезгіл?

Екінші тәрбиеші:

-Ия балалар, бізде қыс мезгілі. Балалар табиғат құбылыстары әртүрлі болады. Бірде күн ашық болады, бірде жаңбыр немесе қар жауады. Арасында жел,шаң да болып тұрады.

Бірінші тәрбиеші:

-Соның ішінде бүгін біздер зерттеуші ретінде жаңбыр мен қарға тәжірибе жасаймыз.

Тәжірибеге біздер мөлдір стакан немесе банка,ыстық су, тәрелке, мұз текшелерін аламыз. Мөлдір стаканға немесе банкаға ыстық суды құйып, балалар осыны өзен,көл немесе теңіз деп алайық. Үстіне астын тескен тәрелке қойып,бұны аспан деп қарайық. Астындағы ыстық судың буы бұл күн ысығанда көлдегі судың буға айналып жатқан көрінісі деп елестетейік. Сол арқылы аспанға бұлттар түзіледі, бұлт бізде мұз текшелері, ия балалар! Сол бұлттар тығыздалып салмағы ауырлап жерге түскен кезде, жердің ауасымен алмасып жаңбырға айналады.(Бірнеше минуттардан кейін мұздар еріп тәрелке астынан сулар тамшылай бастайды.) Міне балалар жаңбыр да осылай пайда болады. Келесі тәжірибемізге кезек береміз.

Екінші тәрбиеші:

-Балалар енді біздерге қажет материалдар бұл қар,әртүрлі бояу және су құйылған мөлдір ыдыс. Қазір біздер осы қарды алдымен домалақ пішінге айналдырып жасап аламыз. Содан кейін өзімізге ұнаған түспен үстіне сұйық бояуды тамшылатамыз. Осылайша бізде әртүрлі кішкентай шар пішіндес қарлар пайда болды. Әдемі ия балалар!

Енді тағы да бір қызық тәжірибе жасап көрейік. Қалған қарымызды мөлдір суы бар ыдысқа салсақ қарымыз жоғалып кетті. Бұл қандай ерекше құбылыс

десеңіздер балалар, қар қатты күйдегі су, яғни мұз. Мұз өте суық болады, ал су қарға қарағанда жылырақ болады. Сондықтан суға салған қарымыз еріп суға айналады. Мінекей балалар себебі осындай. Осымен бұл тәжірибеміз де аяқталды.

Бірінші тәрбиеші:

Сонымен балалар бүгінгі сабақтан не түсіндік, қандай ой түйдік? Табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін көрдік пе? Сабаққа қандай баға бересіңдер? Эмоция суреттері бар парақты балалар таңдайды.

Екінші тәрбиеші:

Ал жарайсындар балалар, осымен бүгінгі сабағымыз аяқталды. Сау болыңыздар!





